

АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
(ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)

және

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ҚОҒАМЫ
(Түркия Республикасы)

арасындағы өзара түсіністік меморандумы

Төменде келтірілген ережелер Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Қазақстан Республикасы) және Халықаралық мәдениет және тіл зерттеулері қоғамы (Түркия Республикасы) арасында бірлескен бағдарламалар әзірлеу және ғылыми зерттеулер саласында ынтымақтастық орнатуға келісім беретін қағидаттар мен шарттарды белгілейді. Мұндай кооперативті келісім келесі тармақтарға сәйкес жетілдіріледі:

1 бөлім

Осы өзара түсіністік туралы меморандум хаттамасының мақсаты - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы екі мекеме арасында; тіл, тарих, ғылым, зерттеу, мәдениет және өнердің өзара түсінушілігін дамыту және нығайту.

2 бөлім

Жалпы алғанда, Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтастық орнатуға келісті.

- Тараптар тіл, мәдениет және тарих саласындағы тақырыптар бойынша семинар өткізу, баяндама оқу үшін университет оқытушыларын шақыра алады. Шақырылған оқытушы-профессорлардың жол, тұратын жер және сабақ ақысы сынды шығындары шақырушы мекеме тарапынан төленетін болады;
- Белгілі бір уақыт аралығында қазақ тілі және түрік тілі сабақтарын, тіл курстарын өткізу үшін екі мекеме де оқытушыларды шақыра алады. Шақырылған маманның жол, тұратын жер және сабақ ақысы сынды шығындары шақырушы мекеме тарапынан төленетін болады;
- Халықаралық мәдениет және тіл зерттеулері қоғамы, университет қарамағында білім алатын магистратура және докторантура бағдарламаларының студенттере шетелдік жетекші болатын оқытушы-профессорлар бойынша қолдау көрсетеді;
- Тараптар өз мекемелері орналасқан қалаларға келген оқытушы-профессорлар мен басшылық қызметкерлеріне анықтамалық қолдау көрсетіп, қажетті көмекті ұсынатын болады;
- Тараптар өз мекемелері орналасқан қалаларға академиялық мобильділік бағдарламасымен, тәжірибе алмасу немесе басқа да себептермен келген оқытушы-профессорлар мен басшылық қызметкерлеріне тіл үйренуге көмектесетін болады.

3 бөлім

2-бапта сипатталған қызметтің шарттары және осы жобаларды іске асыруды қаржыландыру шарттары Тараптар арасындағы жекелеген келісімдермен айқындалады.

4 бөлім

Өзара түсіністік туралы меморандумға кез келген уақытта екі жақтың жазбаша келісімімен өзара түсіністік туралы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім арқылы түзетілуі мүмкін және тиісті түрде тіркеліп, Тараптардың өкілдері қол қояды.

5 бөлім

Осы келісім бойынша барлық ғылыми-зерттеу және ынтымақтастық жұмыстары әр мекемеге қолданылатын заңдар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға байланысты даулар Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

6 бөлім

Осы келісім екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және бес (5) жыл өткенге дейін жарамды болады. Егер бір тарап екінші тарапты оның бұзылғысы келетіндігі туралы жазбаша түрде хабардар етпесе, келісім-шарт автоматты түрде бес (5) жылға созылады. Шартты бұзу туралы хабарлама алдыңғы кезеңнің аяқталуына дейін алты (6) айдан кешіктірілмеуі керек. Шартқа кез-келген уақытта екі тараптың жазбаша келісімімен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

7 бөлім

Бұл келісім жеті (7) баптан тұрады және түрік тілі мен қазақ тілінде екі данадан жасалды.

Тараптар қажет болған жағдайда қосымша хаттамалар жасай алады.


Осы өзара түсіністік туралы меморандумға Тараптар / / 2020 ж. қол қойды.

Атырау мемлекеттік университеті



Проф. Др. Саламат Идрисов
Ректор
Күні: « _____ » 20__

Халықаралық мәдениет және тіл
зерттеулері қоғамы



Проф. Др. Фахри Темизйүрек
Басқарма кеңесі төрағасы

Күні: « _____ » 20__

